

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

кай іретпен аламыз?» деген мәселелерге мән беріп, осы тұрғыдан тексергендегі дәлелдісін, орнықтысын алу керектігін ескертеді.

«Латын жазуы бойынша емле ережелерін түзуде ескерілетін тұстар жайында» – Р.Сыздықтың 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған мақаласы (Латын жазуы бойынша емле ережелерін түзуде ескерілетін тұстар жайында //Қазақ әдебиеті. – 2018. – 14-20 қыркүйек (№ 36). – 12-б.; 28 қыркүйек-4 қазан (№38). – 19-б.; 5-11 қазан (№39). – 19-б.). Ғалым емле ережелерін жасауда бұған дейінгі қолданылып келе жатқан жазу ережелерінің негізі сақталатынын, алайда латын жазуына көшкен жағдайда әлі де көңіл бөлетін тұстар бар екенін, бұрынғы жазуымыздағы кемшіліктерді қайталамауымыз керектігін ескертеді.

Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы заң - 1940 жылы 13-қарашада жарияланған. Осы заңның негізінде латын әліпбиі қолданыстан шығарылып (1929-1940), кирил әліпбиі қабылданды.

Латындандыру – 1920-1930 жылдары КСРО құрамындағы түркі халықтарының әліпбиін латынға көшіру науқаны. Араб әліпбиінен латынға ауысу қозғалысы 1922 жылы Әзербайжан мен Солтүстік Кавказда (Ингушетия, Солтүстік Осетия және Кабарда) басталды. 1926 жылы Бакуде өткен съезде түркі халықтарының өкілдері Л. тәжірибесін қолдану туралы шешім қабылдады. Л. жүргізу үшін жаңа түркі әліпбиінің Бүкілодақтық Орталық Комитеті (ЖТӨ БООК) құрылды. 1927 жылы Бакуде өткен ЖТӨ БООК-ның 1-ші пленумында жекелеген тілдер үшін қажеттілігіне қарай енгізілетін қосымша белгілері бар 34 әріптен тұратын түркі әліпбиінің жобасын (яналиф) қабылдады.

«Латын негізді әліпби: емле және алғашқы оқулықтар» – А.Әмірбекованың еңбегі. Еңбекте қазақ жазуы тарихындағы латын әліпбиінің қабылдануы, қолданылуы, алғашқы оқулықтар туралы және тәуелсіздік жылдарындағы латын негізді әліпбиге көшу мәселелері, жаңа әліпби бойынша жасалатын орфографиялық ережелер құрастыруда назарға алатын ұсыныстар қамтылған.

«Латынның еліктен басқа түгі жоқ» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 8-ақпандағы санында жарияланған мақаласы. Автор латынға көшуді қолдаушыларға: «Латыншылардың латын мен Аурыпаға жуықтаймыз дегені бос сөз. Әр әрпің латынша болғанмен, Аурыпаға соның арқасында ғана жуықтай алмайсың, кітаптарының ілімі түгіл қарасын да танып, оқи алмайсың» деп, бұл «күр елік, әуестік» деген ойларын жеткізеді.

Латын әліпбиі (латыш. *«latviešu alfabēts»*) – латын әліпбиіне негізделген. Л.ә. 33 әріп бар, ондағы 11 әріпке диакритикалық белгі қойылған. Л.ә. құрамында базалық латын әліпбиіндегі *Q q, W w, X x, Y y* таңбалары жоқ.

Лаху жазуы – Қытай, Лаос, Мьянма және Тайландта таралған лаху тілін жазу үшін қолданылады. Базалық латын таңбаларынан ғана түзілген ең алғашқы лаху әліпбиін Бирмадағы АҚШ-тың протестанттық миссионерлері Антисдел (С.В. Antisdel) және Тилби (Н.Н. Tilbe) жасаған. Осы әліпби негізіндегі бірінші кітап